

**ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ МЕН  
ЖЫР АЛЫБЫ ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ 175 ЖЫЛДЫҒЫ  
АЯСЫНДА ӨТЕТІН**



**II РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭТНО-ФОЛЬКЛОРЛЫҚ  
АНСАМБЛЬДЕР КОНКУРСЫ**





**Бердібек САПАРБАЕВ,  
Жамбыл облысының әкімі**

### **Құрметті конкурса қатысушылар!**

Құрметті өнер сүйер қауым, қадірменді қонақтар!

«Тараз – тарихымыздың темірқазығы» деп Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, тарихы терең Әулиеата өңірінің қойнауы құт, бастауы береке, топырағы мыңдаған таланттарды тудырған жомарт мекен. Қазақтың қара шаңырағы, Қазақ хандығының туы тігілген жер ежелден тарихи мұраға толы, мәдени рухани құндылыққа бай өлке, талантты күйшілер мен күміс көмей әншілердің, ақиық ақындар мен жауһар жыршылардың киелі ордасы саналады.

Ұлтымыздың аса бай ән өнерін дамытуға Абай бастаған, Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Әсет, Естай, Нартай, Кенен сияқты халық композиторлары өлшеусіз үлес қосып, оны сапалық жаңа биікке көтерді. Олардың мол шығармашылық мұрасы қазақ операсы мен балетінде және классикалық музыкалық туындыларда кеңінен пайдаланылып, әлемнің ең әйгілі музыкатанушылары тарапынан жоғары бағаға ие болды.

Жамбыл өңірінде туып, композиторлығымен танымал болып, әсем әндерді дүниеге алып келген Өмірбек Байділдаев, Ілия Жақанов, Мырзатай Жолдасбеков, Мәліс Өзбеков, Алтынбек Қоразбаев, Мұхтарбай Рахманқұлов, Аман Молдыбаев есімдері музыка тарихында ойып тұрып орын алады.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығын паш ету, қазақстандық композиторлардың туындыларын жаңғырту, фольклорлық ұжымдармен тәжірбие алмасу, жас шығармашылық топтар мен әнші-термешілерді таныту,

шеберліктерін шыңдау, Жамбыл өңірінің ерекшелігін айшықтайтын авторлық әндерді жинақтау мақсатында өткелі отырған «Көне Тараз күмбірі» II республикалық фольклорлық ансамбльдер конкурсы үлкен шығармашылық белес болып табылады.

Өткен алғашқы конкурс нәтижесінде «Көне Тараз күмбірі» партитуралық күйлер жинағы жарық көрсе, биылғы жылы өлкенің киелі жерлері мен тарихын музыкамен суреттейтін «Жамбылым – ән бесігім» атты партитуралық әндер жинағының тұсауы кесіліп, алдарыңызда орындалатын болады. Оған үлес қосқан ансамбльдер мен өнер шеберлеріне қолдау танытып отырған облыстардың басшыларына, әндерді шығарған дарынды композиторларға облыс әкімі атынан алғыс білдіремін.

Тәуелсіздігімізді ән мен күй арқылы паш етіп жүрген республикалық фольклорлық ансамбльдер конкурсына қатысушыларға өнер жолындағы қадамдарына сәттілік, толағай табыс тілеймін!



**«АҚМЕШІТ» ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АНСАМБЛІ**  
**Қызылорда қаласы**



***Көркемдік жетекшісі: Нұрғиса Нұрбай***

«Ақмешіт» фольклорлық ансамблі Сыр бойының төлтума өнерін насихаттау мақсатында 2009 жылдың қаңтар айында Қызылорда облыстық филармониясы жанынан ашылды. Көркемдік жетекшісі - Нұрғиса Нұрбай.

Ансамбльдің негізін қалаушы, алғашқы жетекшісі, көптеген күйшілер конкурстарының лауреаты, күйші Абылайхан Сқақов.

Қазақ халқының мәдени және рухани байлығын игеруде 10 жыл көлемінде аянбай тер төгіп, шығармашылық, кәсіби ізденісімен шеберлік тәжірибесін шыңдаған ансамбльдің жастарға, келер ұрпаққа берері мол.

Атадан балаға мирас болып жеткен дала композиторларының күйлері мен халық әндерін, жаңа қоғам талғамына, талабына сай заманауи шығармалар мен жергілікті композиторларымыздың туындыларынан жасақталған ансамбльдің репертуары ауқымды.

Бірнеше жыл бойы «ТҮРІКСОЙ» халықаралық түркі мәдениетін дамыту ұйымының ұйымдастыруымен өткен Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін тойлауға арналған өнер фестивалі аясында Түркия елінде, Ұлыбритания мемлекетінің Лондон қаласында өнер көрсетті.

Ансамбль 2014 жылы Ресей федерациясы Татарстан мемлекетінде «Достық әуендері» атты концертін берсе, 2019 жылы Ресей Президенті В.Путиннің қатысуымен Мәскеу қаласында өткен Бүкіләлемдік авиация және космонавтика күніне, сондай-ақ Ю.Гагариннің ғарышқа ұшқанына 58 жыл толуына орай өткен іс-шарада өнер көрсетті. 2019 жылы 10 жылдық мерейлі салтанатына орай «Ақмешіт аспаны» атты есепті концертін өткізіп, ҚР мәдениет және спорт министрілігінің вице министрі Н.Дәуешовтың құттықтау хатын алды.

10 жыл ішінде ұжымның жеткен жетістіктері де аз емес. Сыр елі мәдениеті мен өнерінің дамуына қосқан үлесі үшін ансамбль мүшелері мемлекеттік марапаттар мен аймақ басшысының Алғыс хаттарына ие болды. Сондай-ақ, халықаралық, республикалық байқауларда жүлделі орындар алып, ансамбльдің абыройын асқақтатты.

2019 жылы Ақтөбе қаласының 150 жылдығы және Ғ.Жұбанова атындағы облыстық филармонияның 75 жылдығына орай өткен «JUBANOV TAR AYENI» халықаралық ұлт аспаптар оркестрлері және ансамбльдердің фестивалі-байқауынан Бас жүлдені иемденді.

### **«АҚСУ» ФОЛЬКЛОРЛЫ АНСАМБЛІ Түркістан облысы, Сайрам ауданы**



#### ***Көркемдік жетекшісі: Серікбаева Жанат Айтмұратқызы***

2000 жылы «Мәдениетті қолдау жылы» аясында Түркістан облысының Сайрам аудандық Қ.Жандарбеков атындағы мәдениет үйінде көпшілік көкейінде жүрген келелі істердің бірі - «Ақсу» қазақ ұлт аспаптар ансамблі құрылды.

Көреген Дастан мен Ілес Марина Күмісбекқызының жетекшілігімен құрылған ансамблде 9 кәсіби музыканттан бар. Мәдениет үйінің іргесінде алғашқы шығармашылық қадамын жасаған ұжым ұлттық өнеріміздің дамуында өзіндік қолтаңбасын қалдыруға атсалысып келеді.

2003 жылы «Мәдениет және тілдерді дамыту» бөліміне басшылыққа мәдениет майталманы, ҚР-ның мәдениет қайраткері Темірбаев Сейдуалы Өмірәліұлы келіп, «Ақсу» қазақ ұлт аспаптар ансамбліне жаңа серпін берді. 2004 жылы қосымша штат бөліп, «Ақсу» ұлт аспаптар кіші оркестрінің құрылуына себепкер болды.

Қажырлы ізденіс пен еңбектің арқасында «Ақсу» фольклорлы ансамбль 2005 жылы Н.Тілендиевтің 80 жылдығына арналған «Ақсу» атты облыстық байқауда жүлделі II орынды иеленді. Облыс, аудан басшыларының арнайы «Алғыс хаттарымен» марапатталып, көрермен тарапынан да оң бағасын алып үлгерді.

2006 жылдан бастап оркестрге осы ұжымның белді домбырашысы Серікбаева Жанат Айтмұратқызы жетекшілік етіп келеді. Ансамбльдің репертуарында 70-ке жуық ән-күй, шығармалар бар.

Ауқымы кең мәдени іс-шараларда оркестрдің алар орны айрықша. Ансамбль - облыстық, аудандық іс-шараларға қатысып жүрген белсенді өнер ұжымы.

2017 жылы ауданымызда өткен «Ғасырлар пернесі» атты облыстық семинар-кеңесте ансамбль оркестрмен бірігіп, кәсіби өнерін көрсетіп, көпшілік көзайымына айналды. 2018 жылы ансамбльге қосымша музыкалық аспаптар алынып толықтырылды.

Бүгінгі таңда, бөлім басшысы Г.Тынымбаева және аудандық мәдениет үйінің директоры Д.Алашбаев ансамбльге үлкен қолдаулар көрсетіп жүр. Жергілікті «Мәртөбе» газетінің 2021 жылғы 15 қаңтарындағы №2 (6243) санында ансамбльдің жетістіктері туралы мақала жарияланды. Сонымен қатар, жергілікті «Elnur tv» телеарнасында мерекелік концерттері көрсетілді.

2021 жылдың 4 маусымында Түркістан қаласында өткен Республикалық мәдени өнер ұжымдарына «Халықтық», «Үлгілі» атақ беруге арналған байқауға қатысып, «Ақсу» фольклорлы халықтық ансамбль атағына ие болды. 2021 жылдың 17 тамызында Түркістан облысы Сарыағаш ауданында өткен «Ғасырлар үні» атты фольклорлы ансамбльдерге арналған байқауға қатысып, III орынға ие болды.

**«АЛАТАУ» ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АНСАМБЛІ**  
**Жамбыл облысы, Тараз қаласы**



***Көркемдік жетекшісі: Көреген Дастан***

Өңіріміздің ұлттық өнерінің жанашыры ретінде ел ішіндегі өнерпаздардың өсуіне қолдау танытып, халқымыздың бай қазынасы – дәстүрлі өнерді насихаттау мақсатында 2012 жылдың сәуір айынан бастап Жамбыл облыстық филармониясынан «Алатау» фольклорлық ансамблі қайта құрылды. Бұл ансамбль 1970 жылы құрылған «Алатау» жастар ән-би ансамблінің ізін жалғастыра отырып, «Алатау» есімін қайта иеленді.

Ансамбльдің қазіргі жетекшісі - халықаралық, республикалық конкурстардың лауреаты, Мәдениет саласының үздігі Дастан Көреген.

Ансамбль саз сырнай, сыбызғы, жетіген, қыл қобыз, домбыра, шертер т.б. қазақтың көне аспаптарымен халықтың күйлері мен әндерін жоғары деңгейде насихаттап, көрермен ықыласына бөленіп жүр.

2012 жылы Қырғыз Республикасының Талас қаласына өнер сапарымен барып, қазақ халқының ұлттық музыкасын насихаттап қайтты.

Қазақстан Республикасы мен Польша Республикасы арасындағы мәдени ынтымақтастықты нығайту мақсатында 2013 жылдың 8-18 маусымы аралығында Варшава қаласында өткен Жамбыл облысының «Менің Жібек жолым саған» атты мәдени күндеріне қатысып, өнер көрсетті.

2013 жылы Астана қаласының 15 жылдық мерейтойына орай I халықаралық «Қаратау сарыны» атты дәстүрлі музыка фестивалінде, 2014 жылы II халықаралық «Қаратау сарыны» атты дәстүрлі музыка фестивалінде өнер көрсетіп, Алғыс хатпен марапатталды.

2013 жылы Түркияның Самсун қаласында «TÜRKSOY» және Самсун әкімшілігінің ұйымдастыруымен өткен халықаралық өнер фестиваліне қатысып, марапатталды.



2014 жылы, 2015 жылы Алматы қаласы «Хабар» агенттігінің жанынан ашылған «Білім және Мәдениет» телеарнасында дәстүрлі өнердің даралығын танытар «Ғасырлар пернесі» бағдарламасында концерттік бағдарламаларын ұсынды.

2016 жылы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Алатау» фольклорлық ансамблінің орындауындағы «Қазақ елі» атты күйлер мен әндерінің CD жинағы жарық көрді.

2017 жылы 28 шілдеде «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесіне орай Жамбыл облысының күндері шеңберінде «Қазанат» қалалық ипподром аумағындағы этноауылда «Алатау сазы» атты концертін берді.

2017 жылдың 3-7 қараша аралығында Астана қаласында өткен XX «Шабыт» халықаралық шығармашыл жастар фестиваліне қатысып, дипломант атанды.

Облыстық білім басқармасының ықпалымен 170 беттен тұратын «Алматы кітап» баспасынан басылып шыққан туған өлкенің қалыптасуы мен дамуын жан-жақты сипаттайтын тарихи, географиялық, мәдени, табиғи және басқа да мазмұндамасы туралы жас ұрпақтың танымдық білімдерін тереңдетіп, елдік құндылықтарды қастерлеп, құрметтеуге бағытталған жалпы орта білім беретін мектептің «Өлкетану» оқулығына ансамбльдің еңбек жолы енгізілді (2018).

Ансамбль «Бабалар сазы», «Бабадан қалған күмбір күй», «Тараз – ғасырлар куәсі», «Әулиата сазы», «Тараздан тарту» т.б. халық музыкасының кештерін, концерттік бағдарламаларын республика, қала, облыс аудан орталықтарында ұйымдастырды. Алматы қаласының Орталық концерт залында «Елден сәлем» атты концертте өнер көресетті.

Өнер сапарларымен Астана, Алматы, Талдықорған, Шымкент, Түркістан, Орал, Ақтөбе және т.б. қалаларда болды.

**«АЛЫ – АКИ» ХАЛЫҚ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АНСАМБЛІ**  
**Павлодар қаласы**



***Көркемдік жетекшісі: Орынбаев Жасқайрат Қайдарұлы***

«Әл-Әки» халықтық фольклорлық ансамблі 1993 жылы «Қазақстан Аллюминиі» АҚ-ның Мәдениет сарайы негізінде құрылған болатын. 1986-1990 жылдары Ахметжанов Нұрболат Қадырұлы Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияны бітіріп, 1990 жылдың қыркүйек айында Павлодар қаласында П.И.Чайковский атындағы музыкалық колледжге қазақ ұлт аспаптар бөліміне домбыра класы бойынша ұстаз болып жұмысқа қабылданады. Ұстаздық жұмысты жалғастыра отыра, 1993 жылы Нұрболат Қадырұлы жан-жақтан өнерлі музыканттарды жинап, аллюминий заводынан демеуші тауып, халық фольклорлық ансамблін құрады. «Әл-Әки» ансамблінің құрылуына үлкен демеушілік көмек көрсеткен Асхат Әлкенов пен Балтабек Әкімқұлов ағаларымыздың құрметіне сол адамдардың тегінен құрылып, «Әл-Әки» деген атау беріледі.

1997 жылдан бастап ансамбль Павлодар қаласы әкімдігі қалалық мәдениет сарайы МКҚК-да жұмыс істеп келеді.

«Әл-Әки» ансамблі қалалық және облыстық іс-шараларға, фестивальдерге, мерейтойларға, шығармашылық кештерге белсенді қатысып, өздерінің шығармашылығымен қуантып келеді. Ансамбль репертуарында қазақ, орыс, шетел классиктерінің, заманауи композиторлардың көптеген шығармалары бар.

2006 жылы ансамбль «Сарыарқа дауысы» атты қалалық халық шығармашылығы фестиваліне қатысып, гран-при жеңіп алды. Ал, X-шы өнер фестивалінің қорытындысы бойынша «Орындау шеберлігі» үшін Құрмет грамотасымен марапатталды. 2008 жылы халықаралық «Шабыт» шығармашыл жастар фестивалінде III орынды иеленіп, лауреат атанды.

**«АСА САЗЫ» ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АНСАМБЛІ**  
**Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы**



***Көркемдік жетекшісі: Кадралиева Индира Тұрғынқызы***

«Аса сазы» халықтық ән-би ансамблі 1982 жылы Жамбыл аудандық мәдениет үйі жанынан құралған.

2005 жылы К.Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым» атты халықаралық фестивальде ІІ орынды иеленді. 2010 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Ғасырлар сазы» республикалық фольклорлық-этнографиялық ансамбльдерінің дәстүрлі музыка фестиваль-байқауының дипломанты болды. 2011 жылы Қаратау қаласында өткен облыстық фольклорлық-этнографиялық ансамбльдер фестивалінің дипломанты атанды.

**«АСТАНА САЗЫ» ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АНСАМБЛІ**  
**Нұр-Сұлтан қаласы**



***Көркемдік жетекшісі: Ақтаев Бауыржан***

«Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы – концерттік және театрлық қызмет саласындағы еліміздің мәдени және ұлттық бренді, Еуразия жүрегіндегі стратегиялық маңызды және сапалы концерттік-туристік бірлестік. Ұйымда музыкалық өнердің әртүрлі жанрларының үздік әртістері мен шығармашылық ұжымдары шоғырланған: халықтық, классикалық, эстрадалық.

Дәстүрлі аспаптық музыка саласындағы осындай шығармашылық ұжымдардың бірі - «Астана сазы» фольклорлық ансамблі. Ансамбль 2017 жылы құрылған. Түрлі мемлекеттік құрылымдармен шығармашылық қарым-қатынаста болу фольклорлық ансамбль ұжымына көптеген ресми және бейресми шараларға қатысуға мүмкіндік береді. Ансамбль «Халық әндерін орындау» номинациясы бойынша (Италия) Дж. Россини атындағы XV халықаралық музыкалық байқаудың I дәрежелі лауреаты, «Türk Dünyası Vasıbey Festivali» (Түркия) халықаралық фестивалінің «Tesekkur Belgigi» сыйлығының лауреаты. 2019 жылы Ақтөбе қаласында өткен «Жұбановтар әуені-2019» атты халықаралық конкурсының I орын иегері.

Ансамбльдің көркемдік құрамын республикалық және халықаралық конкурстардың лауреаттары, жас дарынды музыканттар құрайды. Аспапты жоғары деңгейде, кәсіби шеберлікпен меңгеру ансамбльдің әр әртісіне ұжымның жұмысын тек дәстүрлі музыка саласында ғана емес, сонымен қатар басқа музыкалық жанрларда көрсетуге мүмкіндік береді. Бұған «Astana musical» ұжымымен бірге бірлесіп, Париж, Канн, Берлин, Вена, Брюссель және Мәскеу қалаларының сахналарында ұсынылған «Қыз Жібек» этно-фольклорлық мюзиклі - жарқын мысал.

Ансамбльдің көркемдік жетекшісі - «Шабьт» халықаралық фестивалінің дипломанты, домбырашылар мен халық аспаптары республикалық байқауларының лауреаты, М.Өтемістің 200 жылдығына арналған дәстүрлі әншілер байқауының лауреаты, «Ғасырлар сазы» халықаралық фестивалінің лауреаты, «Алаш Ұстазы» медалінің иегері, композитор Бауыржан Ақтаев.

### **«ӘУЛИЕАТА» ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АНСАМБЛІ Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы**



#### ***Көркемдік жетекшісі: Байзілдаев Дулат***

Өңіріміздің елге танымал күйшілері Байсерке Қылышұлы, Кенен Әзірбаев, Әшірәлі Шынқожаев, Боранқұл Көшмағамбетов, Тұраш Әбуов, Әбдімомын Желдібаев, Аман Молдыбаев, Ертуған Өмірғали сынды тұлғаларымыздың бай мұрасын кеңінен насихаттап, кәсіби жас мамандардан фольклорлық ансамбль құру көзделіп, 2020 жылы Мұқан Төлебаев атындағы балалар өнер мектебінің жас мамандарынан «Әулиеата» фольклорлық ансамблі құрылды.

Ансамбль мүшелері кәсіби білімі бар, республикалық байқаулардың лауреаттары. Ансамбль құрамында домбыра, қобыз, шаң-қобыз, шертер, баян, жетіген, сыбызғы және ұрмалы аспаптар бар. Ансамбль жетекшісі - Дулат Байзілдаев.

**«БӘЙГЕ» ЭТНО-ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АНСАМБЛІ**  
**Семей қаласы**



***Көркемдік жетекшісі: Мұсабекова Гүлбахрам***

«Бәйге» этно-фольклорлық ансамблі алғашқыда 2007 жылы Семей қаласындағы Әміре Қашаубаев атындағы мемлекеттік филармонияның әртістері еркін білдіріп, Самықов Аманжолдың жетекшілігімен «Кербез» ансамблі болып құрылған.

Ансамбль репертуарында әртүрлі халық пеншетел шығармаларын орындалады.

2011 жылы филармония директоры Оразғали Сейтқазы Жүнісбекұлы «Кербез» ансамблін заңды түрде филармония ұжымына қабылдады және ансамбль жетекшісі Мұсабекова Гүлбахрам болып тағайындалған.

Ансамбль осы жылдар арасында көптеген халықаралық және республикалық конкурстарға қатысқан. Соның бірі Ақтөбе қаласындағы «Жұбанов көктемі» конкурс-фестивалінде лауреат атанған.

2020 жылы филармония директоры «Кербез» ансамблін «Бәйге» деп қайта ауыстырған.

Қазіргі таңда ансамбль стилі өзгеріп, әртүрлі бағытта шығармашылықпен айналысып жүр.

**«БӘЙТЕРЕК САЗЫ» ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АНСАМБЛІ**  
**Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы**



***Көркемдік жетекшісі: Турсаева Алуа Гагаринқызы***

2020 жылы сәуір айында «Бәйтерек сазы» фольклорлық ансамблі мектеп директоры Л.М.Қажығалиеваның бастамасымен Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бәйтерек ауданы білім беру бөлімінің «Балалар музыка мектебі» МКҚК-ның 55 жылдық мерейтойының және 2018 жылдың 28 желтоқсанында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен Зеленов ауданының жаңадан Бәйтерек атауын иеленуі құрметіне орай құрылды.

«Бәйтерек сазы» фольклорлық ансамблі жас ансамбль қатарына жатады. Ансамбль құрамында 12 кәсіби музыкант бар.

Ансамбль репертуарында қазақ композиторларының шығармалары бар.

## «ДИДАР» ХАЛЫҚТЫҚ ФОЛЬКЛОРЛЫ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ АНСАМБЛІ Қызылорда қаласы



### **Көркемдік жетекшісі: Мирманов Науы**

«Дидар» халықтық фольклорлы-этнографиялық ансамблі 2000 жылы құрылды. Ансамбльдің бағдарламасы халық ән-күйлері мен қазақ халық композиторларының шығармаларынан құралған. Ансамбль жетекшісі Әмзе Мүсілім Балтабайұлы.

Ансамбльдің Құрамында Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясы мен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің түлектері бар. Өнер ұжымы Қазақстан Республикасының 10 жылдығында Елбасының алдында өнер көрсеткен.

Ансамбль 2000 жылы Түркияда өткен халықаралық «Жастар және фольклор» фестивалінің «Ең үздік» жүлдегері. 2002 жылы өткен облыстық фольклорлық ансамбльдер байқауының лауреаты, 2003 жылы өткен облыстық «Ең үздік ансамбль» номинациясының иегері, 2005 жылы Оңтүстік Кореяда өткен III халықаралық фестивальдің жүлдегері, 2007 жылы өткен Оңтүстік Корея Каннам университеті мен IV халықаралық фестивалінде өнер көрсетті. 2008 жылы Астан қаласында өткен XI халықаралық «Шабьт» жастар шығармашыл фестивалінде «Гран – при» иегері, 2009 жылы Қызылорда қаласының 190 жылдығы мен Қызылорда облысының 70 жылдық мерекесіне орай өткен «Алаштың Ақмешіті» дәстүрлі орындаушылар фестивалінің дипломанты, 2011 жылы Алматы қаласында өткен «Ғасырлар сазы» Республикалық дәстүрлі фольклорлық ансамбльдер байқауының лауреаты, 2011 жылы өткен «Қорқыт және дала сазы» халықаралық өнер фестивалінің сертификат иегері, 2013 жылы Ақтөбе қаласында халық аспаптар ансамбльдері арасында өткен халықаралық «Жұбанов көктемі-2013» байқау фестивалінің ГРАН-ПРИ иегері, 2014 жылы Түрксой ұйымы және Қызылорда облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен халықаралық «Қорқыт және дала сазы» өнер фестивалінің дипломанты, 2015 жылы өткен халықаралық «Ғасырлар сазы» дәстүрлі фольклорлық ансамбльдер байқауының лауреаты.

2012 жылы 16 қаңтар №7 бұйырығы бойынша ансамбльге «халықтық» атағы берілді.



**«ЖІГЕР» ЭТНО-ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АНСАМБЛІ**  
**Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы**



***Көркемдік жетекшісі: Бурабай Руслан Әлібекұлы***

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйі жанынан «Жігер» этно-фольклорлық ансамблі құрылды. Жетекшісі - республикалық, халықаралық байқаулардың лауреаты Бурабай Руслан Әлібекұлы.

2019 жылы «Жігер» этно-фольклорлық ансамблі Тараз қаласында өткізілген «Көне Тараз күмбірі» атты I республикалық этно-фольклорлық ансамблдер конкурсына қатысып, Ықылас Дүкенұлы атындағы «Арнайы жүлдесін» иеленді.

Қызылорда қаласында түркітілдес елдердің «Қорқыт және Ұлы дала сазы» халықаралық фольклорлық-музыкалық өнер фестиваліне қатысып, «Дипломмен» марапатталды. 2020 жылы Жаңақорған ауданы, Бірлік ауылдық клубының ұйымдастыруымен өткен Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Ұлттық өнер – өшпес мұра» атты фольклорлық ансамбльдердің облыстық онлайн байқауында лауреат атанды.

**«ҚАРАҒАЙЛЫ» ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АНСАМБЛІ**  
**Шығыс Қазақстан облысы, Бородулиха ауданы**



***Көркемдік жетекшісі: Ильяшева Гүлмира Бақдәулетқызы***

2019 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Бородулиха аудандық мәдениет үйінде өнер қайраткері Қайырханов Әскербек Омарханұлының ұйымдастыруымен «Қарағайлы» фольклорлық ансамблі құрылды. Ансамбль атының «Қарағайлы» аталуының екі түрлі себебі бар. Біріншіден, Қарағай - үш жүз жыл өмір сүретін ағаш, құрған топтың ғұмыры осы қарағай сияқты ұзақ болсын деген мағынада. Екіншіден, Бородулиха деген сөзді қазақшаға аударса, нулы, яғни, қалың деген мағына береді екен. Ансамбльдің мекені - қалың қарағайдың ортасы.

Ансамбльдің қоржынында 40-тан аса шығармалар бар. Қазақ халқының халық әндері мен қазақ композиторларының туындылары, атақты күйшілердің күйлері және орыс халқының халықтық шығармаларымен күннен-күнге толыға түсуде.

«Қарағайлы» фольклорлық ансамблінің ресми ашылуы ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына қарсы үстіміздегі жылдың ақпан айында болып өтті. Ансамбльдің тағы бір ерекшелігі әнді көмейге салып орындау тәсілін қолдану. Мәдениет үйінің режиссері, шебер аспапшы Әскербек Омарханұлы осы бағытта әртүрлі дайындықтар жасап, көмейге салып айтуды дамытып келе жатқан өнерпаз болып табылады. Шертер аспабында шебер ойнаушы Ж.Қажыбеков өз аспабымен тың жаңалық кіргізсе, сазсырнайды А.Кәрібжанов меңгеріп алды. Мәдениет үйінің негізгі бағыты жергілікті жердегі дарын иелерін анықтау, халықты өнерге тарту болғандықтан, топтың құрамында аудандық мәдениет саласының қызметкерлерімен қоса ауыл жастары да қамтылған.

2020 жылы қараша айында, әлі тұсауы кесілмеген жас топ ШҚО Глубокое аудандық мәдениет бөлімінің ұйымдастыруымен жыл сайын өтетін «Ұлы дала сазы» атты дәстүрлі түркі мәдениетінің аймақтық онлайн фестивалінде «Аспапта ойнау» жанры бойынша I орын иеленген.

**«КӨНЕ ТАРАЗ» ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АНСАМБЛІ**  
Тараз қаласы



***Көркемдік жетекшісі: Рысметов Ержан Ходжабергенұлы***

«Көне-Тараз» фольклорлық ансамблі 2000 жылы М.Х.Дулати атындағы ТарМУ-нің жанынан ашылды. 2000 жылы «Мәдениетті қолдау» жылына орай ұйымдастырылған қалалық «Студенттер көктемі» фестиваліне белсене қатысып, лауреат атанды. 2001 жылы ұлтаралық келісімді нығайту, мәдениетті дамытуға қосқан үлесі және Қазақстан халықтары достығының Жамбыл облыстық фестиваліне белсене қатысқаны үшін Жамбыл облысы әкімінің орынбасарының алғыс хатын иеленді. Қазақстан халықтарының рухани және мәдени жаңғыруына қосқан үлесі үшін Қазақстан халықтарының ассамблеясы грамотасымен, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған «Тәуелсіз елдің ұлағаты ұстаздары» атты облыстық педагогикалық ұжымдары көркемөнерпаздарының I фестиваліне белсене қатысқаны үшін «Алғыс хатпен» марапатталды. Тараз қаласының 2000 жылдығына арналған халықтар достығы облыстық III фестиваліне қатысып, Алғыс хатпен марапатталды. 2002 жылы Республикалық «Хабар» телеарнасында «Ауылдың алты аузы» көрсетілімінде «Шабыс» күйін орындады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткен табыстары және оның гүлденуіне қосқан зор үлесі үшін марапатталды. Астанада өткен облыстық жастар «Алатау» ән-би ансамблінің құрамында «Тараздан тарту» атты ән күй керуеніне, 2003 жылы Ресейдегі Қазақстан Республикасының күндеріне арналған «Ұлттық көрмеге» қатысты. Фольклорлық ансамбльдердің республикалық байқауында дипломант атанды. 2010-2021 жылдар аралығында түрлі қалалық, облыстық, республикалық іс-шараларға белсене қатысқаны үшін Алғыс хаттармен марапатталды.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің көркем-өнерпаздар ұжымдарына «Халықтық» (үлгілі) атақтарын беру және бекіту туралы №02 №2007 №56 бұйрығына сәйкес «халықтық» атағын иеленді.

**«ҚҰЛАНСАЗ» ФОЛЬКЛОРЛЫ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ АНСАМБЛІ**  
**Алматы облысы**



***Көркемдік жетекшісі: Жалбыров Марат Иманбайұлы***

«Құлансазды» қайта құлпырту мақсатында 2010 жылы облыстық бюджеттен қомақты қаражат бөлініп, 2011 жылдың наурыз айынан бастап, «Алатау әуендері» концерттік бірлестігі болып қайта түледі. Міне, осылай іргесін көрнекті композитор Әсет Бейсеуов қалап, Алматы облысының әкімдігінің қолдауымен қайта түлеген ұжымның алдағы асар биігі аз болмады.

Аз ғана уақыт ішінде алыстағы Моңғолия, Корея, Польша, Американың Лос-Анджелес, Нью-Йорк, Вашингтон қалаларында, Қытай мен Германия елінде, Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына орай Алматы мен Астана, Талдықорған қалаларында концерт берсе, Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойына 25 тегін концерттік бағдарламамен еліміздің түкпір-түкпірін аралап, көрермендердің көзайымына айналды.

Шығармашылығы шыңдалған, жетістіктері еселенген «Құлансаз» ансамблі Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған республикалық фольклорлы-этнографиялық ансамбльдердің «Ғасырлар сазы» дәстүрлі музыка фестиваль-байқауында III орын лауреаты атанса, Польша мемлекетіне гастрольдік сапармен барып, сол елдегі славян халықтарының арасында өтетін Жаңа жылдық фестивальда өнерін ортаға салды.

2013 жылдың Азербайжан елінің Габала қаласында өткен фестиваліне ансамбльдің бишілері қатысса, осы жылдың қыркүйек айында интеграция аясында өткен «1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні» мерекесіне ансамбль ұжымы Көкшетау, Қарағанды, Теміртау, Астана, Тараз, Шымкент қалаларында өз өнерін көрсетіп гастрольдік сапармен барып қайтты. 2014 жылы фольклорлы-этнографиялық ансамблі XVI халықаралық «Шабыт»

шығармашыл жастар фестивалінде халық музыкасы номинациясы бойынша I орынды иеленді.

2016 жылы Сербияның Белград қаласында «XX ғасырдың Гомері» атанған, жыр алыбы Жамбыл бабамыздың 170 жылдық мерейтойына арналып ескерткіш қойылды. Екі елдің достығын паш еткен осы салтанатты мерекеге Елбасы Н.Ә.Назарбаев та арнайы қатысқан еді. Айтулы шарада өнерін көрсеткен «Құлансаз» ұжымына сербиялықтар ыстық ықыласпен қол соқты.

### **«САРЫЖАЙЛАУ» ФОЛЬКЛОРЛЫ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ АНСАМБЛІ** **Алматы қаласы**



***Көркемдік жетекшісі: Төлен Қайырғазы Әшімбекұлы***

Өнерсүйер қауымға халқымыздың інжу-маржан ән-күйлерін тарту етіп, төл өнерімізді насихаттап жүрген «Сарыжайлау» ансамблі 2014 жылы қараша айында құрылды. Ансамбль реквизиті негізінен қазақтың көне аспаптарынан тұрады.

Концерттік бағдарламасында бұрын-соңды сахна төрінде орындалмаған күйлер мен өндер, ұмыт болып кеткен шығармалар, композиторлардың классикалық туындылары орындалады. Ансамбль құрамы - 12 адам. Ансамбльдің көркемдік жетекшісі - Төлен Қайырғазы Әшімбекұлы.

**«СҰЛУ САЗ» ХАЛЫҚТЫҚ ӘН-БИ АНСАМБЛІ**  
**Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы**



***Көркемдік жетекшісі: Абуғазин Қанат Қазенұлы***

«Сұлу-саз» халықтық ән-би ансамблі 1990 жылы құрылған. Ансамбльді Шығыс өңіріне белгілі күйші, «Алтай-Тарбағатай» ән-күй мектебінің ірі өкілі, өнертанушы, осы ансамбльге жиырма жылға жуық уақыт көркемдік жетекші бола жүріп, ұлттық аспапта орындаушылардың шығармашылық шеберлігін жоғары деңгейге жеткізе білген Әлихан Мағзұмов құрып, ансамбльдің шығармашылық дамуына ерен еңбек сіңірді.

Ансамбльде домбыра мен қобыздан басқа, қазақтың жетіген, шертер, шаңқобыз, нарқобыз, сырнай, даңғара, сазсырнай, сыбызғы, асатаяқ, су сылдыры аспабы, дауылпаз, тұяқтас, қоңырау, ортеке т.б. аспаптары бар.

Ансамбль жұртшылыққа қазақ халқының баға жетпес, музыкалық мұралары фольклорлық туындылармен қатар аңыз, шежіре, күйлер сипатында жазылған тамаша шығармаларды насихаттап келеді.

Ансамбльдің репертуарында Қазақстан композиторларының шығармалары, «Алтай - Тарбағатай» ән-күй мектебінің шығармалары бар. Халық күйлері «Бұлғын-сусар», «Үш теке», «Сары өзен», «Салкүрең», «Елтолғау», Темірбектің төкпесі «Шернияз», Бақтыбайдың әуені, Сүгірдің «Ыңғай төк», «Аққу», Қыздарбектің «Сылқым қыз», Дәулеткерейдің «Жеңгем сүйер» күйлері, ыдльТарбағатайлық күйші Қазен Әбуғазының «Аққу», «Бейбіт» атты күйлері, халық композиторлары Тәттімбеттің «Қосбасары» мен «Саржайлауы», «Сылқылдақ», «Ерденнің күйі», Ықыластың «Қамбар батыры», М.Төлебаевтың «Еске алуы», Н.Тілендиевтың «Ата толғауы», «Көш керуені», К.Күмісбековтың «Қорқыт» күйі, «Фараби сазы» сияқты шығармалар репертуардан берік орын алған. Е.Брусилковский «Шегенің термесі», Е.Үсеновтің «Меруерт моншақ», Исаның «Желдірмесі», Жаяу Мұсаның «Ақшашақ», К.Әзірбаевтың «Жаса Қазақстаным», халық әндері «Тойбазар», «Гүл-гүл жайна», «Бері келші-ай», «Жетіарал» т.б әндер шырқалып жүр.

«Сұлу саз» ансамблі 1993 жылы Қытай Халық Республикасына концерттік сапармен барып шетелдегі қазақтардың ықыласына бөленді. 2014 жылы екінші мәрте Қытай Халық Республикасы Шәуешек қаласында Шығыс Қазақстан облысы құрамасында болып өнерлерімен тәнті етті. Облыс көлеміндегі рухани мәдени маңызы бар ірі шараларда үнемі өнер көрсетіп, жыл сайын өтетін көркемөнерпаздардың фестивалінде көрермендерді халқымыздың бай музыкалық қазынасымен сусындатып келеді.

Сұлу саз ансамблі 2014 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрінің «Алғыс хаты», 2015 жылы Астана қаласындағы Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған Республикалық ұлт-аспаптар оркестрлер мен фольклорлы ансамбльдер байқауына қатысып, шеберлік шыңдады.

2016 жылы Шығыс Қазақстан облыстың ІІ-облыстық көркемөнерпаздар байқауындағы аспапта орындаушылық шеберлігі 1-орын, 2017 жылы Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі облыстық «Туған ел - алтын бесігім» акциясында жоғары деңгейдегі өнері үшін Диплом, 1-орын, 2018 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласында Сегіз Серінің 200 жылдығына арналған республикалық «Гаухартас» оркестрлер мен фольклорлық ансамбльдер фестиваль-конкурсының лауреаты атанды.

Ансамбльдің аясында құрылған «Бабалар сазы» этно ансамблі 2018 жылы Иран Ислам Республикасы Тегеран қаласында халықаралық «Наурыз» фестивалі, 2019 жылы Түркия мемлекеті, Бурса қаласы Ұлы-Дағ университеті ұйымдастырған «Түркі әуендері» концертінде қазақ өнерін паш етіп қайтты.

**«ӘСЕМ ӘУЕН» ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АНСАМБЛІ**  
**Жамбыл облысы, Шу ауданы**



**Көркемдік жетекшісі: Келгенбаев Әуесхан**

«Шу еркесі» фольклорлық ансамблі 1993 жылдан бастап Шу ауданында жұмыс істеп келеді. Құрамында 9 музыкант бар. Репертуарында - халық әндері, қазақ сазгерлерінің әндері, күйлері және жергілікті сазгерлердің шығармалары.

2015 жылы халықаралық ұйымның ұйымдастыруымен Дагестан Республикасының «Махачкала» қаласында өткен «Каспий-берега дружбы» атты III халықаралық фестивалге «Әсем әуен» фольклорлық тобы қатысып, қазақ этно-фольклорлық өнерін паш етті.

2017 жылы «Ұлы Жібек Жолы. Көне Тараздан асқақ Астанаға тарту» керуенін күтіп алу шарасында «Толқиды Шуым» әнін орындады.

2017 жылы Астана қаласы «Хан шатыры» жанындағы алаңда «ЭХРО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесіне орай Астана қаласында Жамбыл облысы күндері аясында өткен іс-шараға қатысып, А.Қоразбаевтың «Елге сәлем» әнін, М.Өзбековтың «Толқиды Шуым» әнін, Ә.Желдібаевтың «Еркесылқым» күйін орындап өнер көрсетті.

2018 жылы Шу аудандық мәдениет үйінде өткен Жамбыл облысындағы «Шу ауданының мәдениет және өнер күніне» орай «Ел жүрегі-Астана» атты сазды бағарламасына қатысты.

2018 жылы Туркия мемлекетінде өткен «Анадолы» фестиваліне жергілікті композиторлар Ә.Желдібаев, Б.Исаеваның шығармаларынан және халық әндері, қазақ композиторлары шығармаларынан құралған концерттік бағдардамалар ұсынып, сертификаттар иеленді.

2018 жылы Тараз қаласында халықаралық сән апталығы аясында Төрткүл керуен сарайында өткен «Қазақ ауылы» атты қонақтарға арналған мәдени іс-шараға қатысып, өнер көрсетті.



**«ШОЛПАН» ХАЛЫҚТЫҚ ӘН-БИ АНСАМБЛІ**  
*Жамбыл облысы, Байзақ ауданы*



***Көркемдік жетекшісі: Сүйенішбекова Сәуле***

«Шолпан» халықтық ән-би ансамблі Жамбыл облысының Байзақ ауданында 1972 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан өнер ұжымы. Ансамбль көптеген көрсеткіштерге жетіп, 1976 жылы іргесін нығайтып ел көңілінен шыға алатын «Шолпан» болып аяғынан тік тұрды. Құрамына көптеген талантты әншілер, күйшілер, бишілер шақырылып, өнерін кеңейте түсті.

1980 жылы Жұмабек Омарбековтің басшылық қызметі кезінде ансамбль жоғары көрсеткіштерге жетіп, осы жылы «халықтық» атағын алды.

1982 жылы туысқандық сапармен Монғол Халық Республикасында өнер көрсетті. 1990 жылы Тәжік Республикасында Бүкілодақтық фестивальге қатысып лауреат атанды. 1994-1995 жылдары ансамбль құрамы талантты жастармен толықтырылып, Алматыда өткен Республикалық ақындар айтысында өз өнерлерін паш етті. Отыз тоғыз жылдан астам еңбек етіп келе жатқан «Шолпан» ансамблі өз биігінен түспей, «халықтық» атағын сақтап келеді. Қазіргі таңда ансамбльге Сәуле Сүйенішбекова жетекшілік етіп, репертуарын жаңа туындылармен толықтыруда.





